Цикл уроков: Ораза қабыл болсын

Ерсін Әміре: Сабыр мен сенімнің маңыздылығы

БЕЙНЕ НҰСҚА | АУДИО НҰСҚА

السلام عليكم و رحمة الله و بركاته

Құрметті көрермендер! Баршаныза Аллаһ Тағаланың игілігі мен сәлемі, жақсылығы болсын.

Қазіргі қоғамда адамдарды аурудан сақтау үшін вакцина егу мәселесі қатты қызу талқыланып жатыр, адамдарды вакцина салдыруға үндеп жатыр. Осы орайда біз адамға керек тағы бір иммунитетін күшейтетін, түрлі вирустарға қарсы қажет болатын дүние жайлы айтып кеткіміз келеді.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде адамды екі нәрседен жаратқандығын айтады:

> **«Мен адамды топырақтан жаратамын және қашан оған рух үрлесем, сендер періштелер оның артықшылығын мойындап, Адам атаға құрмет сәждесін жасаңдар».**

Аллаһ Тағала осы аятта адамның екі нәрседен тұратындығын айтып жатыр. Біріншісі топырақ, екіншісі рух. Топырақ – бұл материалдық нәрсе болып табылады. Қазіргі біздің денсаулығымызды алып қарасақ та, ол материалдық нәрсе болып тұр. Яғни, денеміз ауырады, өкпеміз, жүрегіміз т.б. Бұның барлығына медициналық ем керек.

Ал енді адамның екінші жағы - рух. Адамның денесі, ағзасы ауырғандай, рух та ауруға шалдығады. Қазіргі уақытта түрлі вирустар көбейгендей, адамдар неше түрлі ауруға

шалдығып жатыр. Тура солай рухани вирус та көп. Сол рухани вирусқа төтеп беретін адамда рухани иммунитет болу керек екен. Рухани иммунитет екі нәрседе болу керек. Өйткені адамды азғыратын екі нәрсе бар. Адамды тура жолдан тайдыратын дүниелер көп. Бірақ, барлығын жинап келген кезде екі түрге бөлінеді. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде осы жайлы айтады. Өзінің сүйікті, ізгі құлдары жайында:

> **«Біз оларды сабырлық танытқан кездерінде, және біздің аяттарымызға нық, күмәнсіз сенген кезде біз оларды тура жолға бастайтын басшылар, имамдар еттік».**

Осы аятта Аллаһ Тағала адамның тура жолда болуына керекті екі нәрсені айтып жатыр. Бірі сабыр, екіншісі сенім. Өйткені адамды азғыратын екі нәрсе бар. Біріншісі адамның сенімін шайқалтатын, сенімін бұзатын дүниелер.

Қазіргі уақытта неше түрлі идеологиялар, өздерін дұрыс деп көрсететін әр түрлі көзқарастар бар. Кейбіреулер адам құқығы деп адамды азғыратын, азғындататын дүниені алға тартады. «Өмір былай болу керек, адамның құқығында жынысын ауыстыруына да рұқсат болу керек. Ол еркек болып тұрып еркекті таңдаймын десе, әйел бола тұрып әйелді таңдаймын десе де біз оған ерік беруіміз керек», деген секілді дүниелерді алға тартады. Тағы біреулер басқа бір идеологияларды алға тартады. Осындай түрлі дұрыс емес идеологияларға төтеп беретін адамда сенім болу керек. Яғни, сол адамның өзінің идеологиясы мықты болу керек. Өйткені, неше түрлі адамды адастыратын идеологиялар бар.

Адамды адастыратын екінші дүние, адамның нәпсісіне жақын болған, адамды азғыратын дүниелер. Адамға қыдырған жағады, неше түрлі ойын-сауықтар, құмар ойындары, зинақорлық, арақ қорлық, нашақорлық және т.б. дүниелер. Бұлардың бәрін алып қарасақ, олар адамның нәпсісіне жағатын дүниелер. Бұл идеология емес, адамды азғыратын, шариғаттың тілімен айтқанда адамның шәхуатын қоздыратын дүниелер. Оған төтеп беру үшін адамға сабыр керек.

Демек, адам осы екі нәрсемен қаруланса, дұрыс өмір сүре алады және оның рухани иммунитеті мықты болады. Біріншісі, идеологиясы мықты болу керек. Мен не үшін мұсылманмын? Не үшін менің сенімім дұрыс сенім? Басқа неше түрлі идеологиялар бар. Олардың қателігі қай жерде? Мен мұсылман болсам не үшін мұсылман болдым? Менің ұстанымымның дұрыстығын мен немен дәлелдеймін деп, адам өзінің сенімін дәлелмен қуаттау керек. Сол кезде неше түрлі пікірлер, иедологиялар айтылған кезде, исламға түрлі жала жабылған кезде, «Біздің дініміз ислам емес, ол арабтардың діні», деген секілді біреулер пікір айтса, тағы біреулер: «Ислам – әйелді құрметтемейді» десе, басқа біреуі: «Исламда адамның құқығы тапталған» деген секілді неше түрлі идеологияларды, жалаларды жауып, сіздің дінінізді бұзғысы келген кезде, соларға жауап бере алатын, төтеп бере алатын сіздің идеологияңыз мықты болу керек.

Екіншіден, сізді азғыратын дүниелер келген кезде, нәпсінізге жағымды, бірақ қоғамға, өзіңізге, ақіретіңізге, қоғамға зиян дүниелер келген кезде, соған төтеп беретін сізде мықты сабыр болу керек.

Осы екі нәрсемен қаруланса қ, біз тура жолда боламыз, сол кезде қоғам – бақытты қоғамға айналады. Ендеше, өзіміздің, отбасымыздың, бала-шағамыздың идеологиясын, көзқарасын дұрыстайық. Екіншісі, оларды имани тәрбиелеп, азғындап кеткен, қоғамдағы адамды азғыратын дүниелерге төтеп беретіндей мықты сабыр қалыптастырайық.

Аллаh Тағала баршаңызды, отбасыңызды, өзіңізді екі дүниеде бақытты құлдарынан етсін!

© Авторские права на статьи и осуществленные переводы статей из других источников принадлежат сайту Azan.kz.

Убедительная просьба к лицам, производящим копирование и распространение в социальных сетях и иных сайтах любых материалов ресурса Azan.kz, в обязательном порядке указывать активную ссылку на источник.